Мәдениет негізгі мектебінің кітапханашысы Ақаева А.Л-Х. алғыс айту күніне орай мерекелік құттықтау ұымдастырды. «Мейірімді қолдың жылуы» атты бейнеролик жасалды, онда оқушылар мұғалімдерге арналған алғыстарын айтты ата-аналарына, ата-әжелеріне, еліне деген жылы лебіздерін білдірді. Ауылымыздың мейірбикесі болып жұмыс істейтін Аузарова Г.Ж. видео-құттықтау арналды. Көктемнің алғышқы мерекесі –Алғыс айту күні құтты болсын !



Мәдениет негізгі мектебінің кітапханашысы Халықаралық әйелдер күніне арналған бейнеқұттықтау «8 наурыз мерекесімен құттықтаймыз» жасады. Оқушылар ұстаздарға, аналарына, әжелерге құттықтаулар айтты.
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0ATsSfp3EWEzBkBf8WxuofYaMRiME5XyksuN7R6HJ6Krb8wEVmWbnz5sHN2Ngnoazl&id=100065209058843&mibextid=Nif5oz



Наурыз мейрамы қарсанында Мәдениет негізгі мектебінде 14 наурыз –Амал мерекесімен басталды.

Мақсаты : үлкендерге арнайы сәлем беру , құрмет көрсету ,ізгі тілек Балалар ұлттық салт-дәстүрмен танысып , ұлттық ойындар ойнады , наурыз айы бойы асық ату ,бес асық ойнады .Ұлттық тағамдары :бауырсақ , құрттан ауыз тиіп , 9 сыныптың ата-аналары науырыз көже дайындап берді , әжелер шашу шашты , ұлттық киіммен мерекені көңіл күйде қарсалдық!

Жаудыру салты . Кітапханашы Наурыз мерекесіне арналған кітап көрмесін ұйымдастырды . Наурызнама декадасында түрлі іс-шаралар өткізілді.



Көктем демалысында оқушыларға мультипати «**Әжемның ертегілері**» ұйымдастырылды. Балалардың назарларына «**Толағай**» мультфильмы көрсетілді. Қызықты ертегілердің бірі , балалардың көңілінен шықты . Кітапханашы тәтті жүгері таяқшаларын беріп , балалар риза болды .



«**Оқуға құштар мектеп**» жобасы бойынша Мәдениет негізгі мектебінде көктемгі демалыста 1-9 сынып оқушыларына оқуға арналған кітаптар тізімі ұсынылды . Бұл кітаптар тізімінде әрбір оқырманның талғамына арналған шығармалар жинақталған.Ертегілер , көркем классика ,романтикалық проза ,фантастикалық әлемдер.

Көктемгі каникулда қызықты әрі табысты «**Каникулда кітап оқимыз**» онлайн-марафонға қатысуға шақырамыз!

Мақсаты : Қызықты кітаптар оқуға игеру, әлемді тану, білімін мен ақылын арту, ой-өрісін дамыту , достарымен бөлісу .
Балаларға онлайн кітап жүктеп алып , 1 турда- 21-31 наурызда берген кітапты оқып , 2 тур- 3 сәуірден 10 сәуірге дейін байқау өтеді. Жеңімпаздарды диплом , сыйлықтар күтеді !



12 сәуір - Ғарышкерлер күні . Мәдениет негізгі мектебінде соған орай , «**Ғарыш** » атты танысу сағаты өткізілді . Алғашқы ғарышкерлер туралы кітапханашы мәліметтер айтты . Ю. А. Гагарин 1961 жылы бірінші рет ғарышқа Байқоңыр космодромынан ұшты . Қазақстаннан 1991 жылы Тоқтар Әубакиров ұшты , Талғат Мұсабаев ғарышқа сапарға ұшып келді .



«**Оқуға құштар мектеп**» жобасы аясында біздің мектеп Республикалық каникулда кітап оқимыз марафонына қатысып, жеңімпаздар анықталып , марапатталды. «**Демалыста кітап оқимыз**» марафонның 3 орынға диплом алған балалар : 3 сынып оқушысы- Тоғжігіт Әлишер , 5-сынып оқушысы-Ақай Камила , 6 сынып оқушысы-Дәулетбек Ернар . 2 орынға диплом алған оқушылар – 3 сынып оқушылары : Қоянбек Гүлжәмиля , Серікбай Әлинұр , 4 сынып оқушылары : Тоғжігіт Кәусәр , Тоғжігіт Аяғоз , 9 сынып оқушысы Қоянбек Ләйлә . Бірінші орын байқауда алған 9 сынып оқушысы Дәулетбек Айтуар. Құттықтаймыз!!!
Сонымен қатар, балалармен жұмыс істеген жетекшілерге және ата-аналарға алғыс хат берілді .



23 сәуір – Ұлттық кітап күні , осыған орай Мәдениет негізгі мектебі ауыдандық челленджға қатысты . Қазақ тілі және қазақ әдебиеті мұғалімі **Шадетхан Ақерке** , **9 сынып оқушысы Дәулетбек Айтуар мен Қоянбек Райян** челленджды қабылдап , оқушылар **Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма»** атты оқуға ұсынып отыр . Осы кітапта соғыс кезіндегі ауыл өмірі , ауыр тұрмыс , қажырлы еңбек , адалдық пен адамгершілікті сөз ететін шығарма . Ары қарай , челленджды № 2 Чкалов орта мектебіне жолдадық.

<https://www.facebook.com/share/v/1F9HC2k7g2/?mibextid=wwXIfr>



Мәдениет негізгі мектебінің кітапханасында Бірлік күніне арналған «**Достық пен бірлік мекені**» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/18Cc2wvFYe/>



«ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 80-ЖЫЛДЫҒЫ » орай Мәдениет негізгі мектебінде ертеде еңбек еткен 12 ұстаз тарихы кітапша түрінде жасалып, жарыққа шықты.

Мақсаты:оқушыларды ардагер ұстаздардың өмірбаянымен таныстыру. «Мәдениет негізгі мектебі» КММ директоры Мажимов Б.З. мәліметтер жинап он екі ардагер ұстаздардың өмірбаянымен таныстырды және мектептің қысқаша тарихын жазып берді. Келешек ұрпаққа тәрбие беру үшін , үлгі ретінде айтуға болады. Балалар қызығушылық танытып , дайындап берген жұмыстарды оқыды.

Оқырмандардың назарларына кітап көрмесі ұсынылды **«Соғыс жылдарындағы әдебиет»** балалардың назарларына ұсынып отырмыз . Ұлы Отан соғыс туралы жазылған кітаптар , «Боздақтар» кітабын Ибраев Мұрат

Қазіулынан алып , балаларға біздің Тайынша ауыданынан майданға аттанып , сонда қаза тапқан майдангерлердің өмірбаянымен таныстырырдық. Бауыржан Момышұлы «**Ұшқан ұя**» кітабында адамгершілікке үндейтін, тәлім-тәрбиеге үндейтін көркем туынды.

<https://www.facebook.com/share/p/16ZWNWnvmU/>



Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім бөлімі «Тайынша ауданының білім бөлімі» КММ **TEDx Book Talk «Кітап мені қалай өзгертті»** тақырыбындағы конкурстық іс-шараға Мәдениет НМ 9 сынып оқушысы **Дәулетбек Айтуарға** белсене қатысқаны үшін сертификат берілді .

Іс-шара Ұлттық кітап күніне орай ұымдастырылды.

1 маусым - балалар күні. Мәдениет негізгі мектебінің осы күнге орай **«Кім чемпион»** интеллектуалды сайыс ұйымдастырды . Осы сауыс ата-аналардың қатысуымен өтеді. NIS зияткерлік мектебінің кітапханашысы методикаларымен бөлісіп , оларды ойын түрінде өткізуге жоспарлап жатырмыз : **тест Струпа , «Құндылықтар ағашы», «Roll- a –Story», әдеби кейіпкер куәлігін жасау .**

Мектеп психологі оқушыларының әрқайсысына жеке диагностикалық карта құрып, жеке картада оқушы туралы жалпы деректер, отбасы, денсаулық жағдайы, оқушылардың арасындағы беделі, шығармашылық қабілетінің даму деңгейі анықтап, тиісті жұмыстар жүргізді.

Оқушылардың жазғы демалыстан кейінгі көңіл күйлерімен таныстық. 1 сынып пен танысып, оқушылардың мектепке бейімделуін қадағалап. 1 – сынып оқушыларының мектепке дайындық деңгейін анықтау мақсатында Керн-Йирасек тесті алынды. Тест нәтижесі бойынша оқушылардың дайындық деңгейі жақсы. Балалардың қимыл әрекеттері және үйлесімділігі қалыптасқан. Жалпы бала тәрбиесіндегі психологиялық көз қарасы мен ұстаздың балаға

деген көз қарастары бірін-бірі толықтырып отырса, ата - анамен, байланыста болса жұмыс өз нәтижесін береді.

1- сынып диагностика қортындысы:

Керн-Йерасек тесті (1-сынып)

Мақсаты: Жалпы психикасының дамуын анықтау. Тест үш тапсырмадан тұрады:

1. ойға сүйене отырып ер адамның суретін салып дене бітімін бейнелеу;
2. жазба әріптерін үлгіден көшіріп салу;
3. нүктелер тобын көшіріп салу.

Қатысқандар саны – 1 оқушы



Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында 8-9 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша мектепте, мектептен тыс оқушыларға жасалған зорлық-зомбылық туралы фактілер анықталмады. Зорлық-зомбылыққа тап болған және куә болған жағдайда қалай әрекет ету керектігі және кімнен көмек сұрау керектігі туралы оқушылар хабардар.

оқушылар арасында салауатты өмір салтын ұстану, вейпингтің зияны туралы хабардар ету мақсатында «Вейпсіз әлем» суреттер челленджі ұйымдастырылды.

Мақсаты: балалар арасында салауатты өмір салтын ұстану, вейпингтің зияны туралы хабардар болу және балаларды вейпинг сияқты жаман әдеттерден бас тартуға және оларды белсенді және сау әрекеттермен алмастыруға шабыттандыру. Оқушылар белсенді қатысты және өз ойларын білдірді.





<https://www.facebook.com/share/16fdhAeiaG/?>

Мектебімізде оқушылар арасында салауатты өмір салтын ұстану, вейпингтің зияны туралы хабардар ету мақсатында «Вейпсіз әлем» суреттер челленджі ұйымдастырылды.

Мақсаты: балалар арасында салауатты өмір салтын ұстану, вейпингтің зияны туралы хабардар болу және балаларды вейпинг сияқты жаман әдеттерден бас тартуға және оларды белсенді және сау әрекеттермен алмастыруға шабыттандыру. Оқушылар белсенді қатысты және өз ойларын білдірді.



Мектебімізде педагог-психологтардың ұйымдастыруымен оқушылар



арасында тәртіп және заң, сыбайлас жемқорлық туралы хабардар ету мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» атты суреттер

ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Оқушылардың әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/18s9E3rU4D/?>



Қазан айында жалпы мектеп ішілік ата-аналар жиналысы өткізілді. **Жиналыстың мақсаты:** Саналы тәрбие, сапалы білім беруде салауатты ұрпақ қалыптастыруда мектеп, ата-ана, ұстаз бірлігін қалыптастыру. Жиналыс кезінде ата-аналарға әр түрлі ойындар ойнатылып, қызықты

тренингтер жүргізілді.

<https://www.facebook.com/100065209058843/posts/pfbid02ZxrYzCLSxw6rY1qBozG1GRTtVmBtmFA9EsnYMdKKw8CjGNJT1KQX7ePZz5NcpkgZl/?>



Бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстар.

Биылғы оқу жылында бірінші сыныптарды жалпы 9 оқушы. Мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтауда Керн-Йирасек тест алынды. Бұл тест үш тапсырмадан тұрады: еске байланысты ер адамның тұлғасын салу, жазба әріптерін салу, көшіру, нүктелер тобын салу. Баланың мектепке қажетті функциялары қаншалықты қалыптасқанын анықтау, сөйлеу, ақыл-ой дамуы, оқу тапсырманы орындау қабілеттері, бейнелеу дағдылары жақсы бағалнды.

1-3-сынып оқушыларымен таным процестерін зерттеуде «Қиынсыздықтар» әдістемесі, Баланың ақыл-ойын даму деңгейін анықтауда «Мұнара құру», «Не артық?», сурет бойынша әңгіме құрауда «Айырмашылықты тап», «Жағымды қасиеттерді анықтау» әдістемелері алынды. «Сиқырлы таяқша», «Бет-әлпетті демалдыру»,

«Понтомимика», «Қолмен билеу» ойын-жаттығулар жүргізілді. Нәтижесінде 2-4 - сынып оқушыларының мектепке бейімделуі жақсы деңгейде болды. Түзету- дамытуды қажет ететін оқушыларымен қол қимылдарының және қол буындарының қимылын дамытуда «Допты ұста», «Саусақ санау»,

«Бірдей фигура тап және боя», «Кактус», «Социометрия» әдістемелері және «Бүтін-және бөлшек» ойын- жаттығулар жүргізілді.Зейінді дамытуда «Графикалық диктант», көру арқылы қабылдауда «Үлкен, кіші», оқушының сенсорикасын дамытуда түсті көру арқылы салыстыру және топтау, ажыратуда «Есте сақта және боя» әдістемелері, «Мен байқампаздыққа үйренемін» сөйлеу, есту қабілеттерін дамытуда ми гимнастикасы,ойын- жаттығулар жүргізілді.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын тексеру мақсатында «Маған мектепте не ұнайды?» Н.Г.Лусканов сауалнама, зейінді дамыту және түзетуде «Графикалық диктант», көріп және естіп есте сақтау қабілетін , зейінін анықтауда «Әріптерді жаз», «Суреттегі жасырынған заттар»,



«Айырмашылықты тап» ойын-жаттығулар, тренингтер жүргізілді. Оқушының отбасымен қарым-қатынасын анықтауда «Менің отбасым», «Мен кім боламын» тақырыбында суретті тест алынып , нәтижесінде отбасына деген сыйластық, сүйіспеншілік бар екендігі анықталды. «Өмір ғажап!» суретті тесте оқушының жан дүниесін байыту арқылы адамгершілікке жетелеуде жақсы қасиеттерін, айналасына деген сүйіспеншілігін, өмірге деген құштарлығын, өз таңдауымен отбасын, құрбы құрдастарын, табиғатты бейнелеуде өз ойларын сурет арқылы жақсы жағынан көрсетті. Адамның эго күшінің диагностикасына, оның жағымсыз жағдайларға қарсы тұру қабілетіне, балаға өзінің ішкі дүниесін көрсетуіне және өзін түсінуіне ықпал жасауда «Менің сыныбым», «Жаңбыр астындағы адам» әдістемесі,«Топ-топ», «Кім екені тап?»

ойын-жаттығу, тренингтер жүргізілді. Нәтижесі бойынша оқушылардың хал-ахуалы жақсы, қобалжуы, алаңдаушылығы байқалмады



Бастауыш сынып «Көңілді үзіліс»



Жоғарғы сынып оқушылармен жұмыс жеке өмірге қадам басқан оқушы үшін мамандық таңдау мәселесі - ең маңызды кезең болып табылады.

Оқушылардың өз бейімділіктері, қабілеттері мен мүмкіндіктері анықтап, болашақтағы білім алу бейімі мен мамандығын таңдау барысында дер кезінде психологиялық көмек көрсетілуі қажет.

9 сынып оқушыларымен мамандыққа икемділігі (Голланд әдісі бойынша), қызығушылықтар картасы «Мен қаладым» саралаушы – диагностикалық сұрақнамасы,

«менің таңдауым» сауалнамасы жүргізілді. «Болашақ мамандық туралы қиялдайық» тренингі, «Менің таңдауым» сауалнамасы бойынша оқушылардың бағыт-бағдары анықталды: «Мен таңдаған жол», «Стрессті қалай жеңеміз» атты тренинг-сабақ өтіліп, оқушылар мамандық таңдаудағы өз ойларын ортаға салды. Және де оқушыларға жоспарға сәйкес профилактикалық жұмыстар жүргізілді.



Алғыс айту күні – жүректен шыққан шынайы ризашылық пен мейірімнің мерекесі. Бұл күн жақсылық жасаған жандарға алғыс білдіріп, айналамыздағы адамдарға құрмет көрсетуге тамаша мүмкіндік.

Осы айтулы күні сіздерге шын жүректен алғысымды білдіремін! Әр күніңіз қуанышқа, жақсылыққа толы болсын. Жақындарыңыз аман, көңілдеріңіз шаттыққа бөленсін!

Өзара сыйластық пен мейірімділік ешқашан ортаймасын.

Көктемнің алғашқы күнімен келіп, көңіл тыныштығын сыйлайтын жарқын мереке -

Алғыс айту күні құтты болсын! Алғыс айту - жүрекке жылу сыйлайтын керемет қасиет, қарапайым адамгершілік парыз.

<https://www.facebook.com/share/193wn4P5TH/?> <https://www.facebook.com/share/15e1xhH312/?>



5-сынып оқушылармен «Біз және біздің сынып» атты тренинг өтті.



«Сенім арту - жетістік кепілі» атты ата-аналар жиналысы өтті.
Жиналыстың мақсаты: Саналы тәрбие, сапалы білім беруде салауатты ұрпақ қалыптастыруда мектеп, ата-ана, ұстаз бірлігін қалыптастыру.
 Жиналыс кезінде ата-аналарға әр түрлі ойындар ойнатылып, қызықты тренингтер жүргізілді.



5-9- сыныптар

«Көңілді үзіліс»



«ЕҢ ЕҢ ЕҢ», «Choco day» атты мектеп ішілік қызықты бір күн өтті.



«Тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы» атты ата-аналар жиналысы өтті.

Жиналыстың мақсаты: Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Балабақша өмірімен таныстыру. Балалардың мінез-құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіншілігін тереңірек зерттеу. Ата-ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету.



Судағы қауіпсіздік ережелерін сақтау.

5 -сынып оқушылары «Судағы қауіпсіздік ережесі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Судағы қауіпсіздіктің мақсаты — адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау, суда болатын қайғылы жағдайлардың алдын алу және суда дұрыс әрі тәртіппен демалуды үйрету.

Судағы қауіпсіздік — бұл суда шомылғанда, жүзгенде немесе су маңында жүргенде өз өміріңді және айналадағы адамдарды қорғау үшін сақталатын ережелер мен әрекеттер. Ол үшін суға тек рұқсат етілген жерлерде шомылу, жүзе білмеген жағдайда терең суға түспеу, үлкендердің рұқсатынсыз суға бармау, бір-біріне көмектесу сияқты тәртіптерді сақтау қажет екені ескертілді. Әрбір оқушы суда өзін дұрыс ұстау ережелерін меңгеріп, өзінің және өзгенің өміріне жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Сақтық — өмір кепілі!

<https://www.facebook.com/share/19DdsxHYt2/?>



«Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын»
«Менің құқықтарым - менің міндеттерім»
«Мен - Ұлы дала баласымын»
«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалар»
«Теңге - ұлттық валюта»
«Сыбайлас жемқорлық жоқ»
«Әке-шешенді сыйла»
«Мықты отбасы - мықты мемлекет»
«Оян, ар мен адалдық»
«Зиянды заттардың зардабы»
«Саналы ұрпақ»
«Қазақстан - бір жер, бір халық, бір болашақ»
«Таным. Мысал. Тәрбие» (Еңбегі адал жас өрен» жобасы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай
«Мен - өз елімнің патриоты»
«Тәуелсіздік таңы атқан күн»
«Өз жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын»

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануын нығайту, мемлекеттік тілді, қазақ халқының, этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеу мақсатында ұлттық тәрбие бағыты бойынша іс-шаралар өткізіледі. 5 қыркүйекте Қазақстан халықтарының Тілдері күні атап өтілді. "Төрт тоқсан-төрт өнер" ұлттық мәдени - ағарту жобасы шеңберінде Жалпыұлттық идеяны іске асыру мақсатында рухани-адамгершілік, эстетикалық, ұлттық өнер, патриоттық тәрбие факторы ретінде "Ақындар айтысы" конкурсы өткізілді. 7,8,9-сынып оқушылары үшін нашақорлықтың, әкімшілік жауапкершіліктің алдын алу бойынша ақпараттық сағат ұйымдастырылды және өткізілді, бұл іс-шараның мақсаты оқушыларда тәуелділік туралы дәріс оқылып, босқа уақыт өткізу, денсаулықты сақтау туралы мәліметтер берді. 2024 жылдың қараша- желтоқсан айларында жоспар бойынша сыныптық сағаттар, ЖҚЕ бойынша әңгімелесулер өткізілді. Мақсаты: оқушыларды жол қозғалысы ережелерін сақтауға үйрету, көше қозғалысы ережелерін меңгеру, жол белгілерімен таныстыру, оларды мүлтіксіз орындауға үйрету. Балаларға қатыгездікке немқұрайлы қарамау проблемасына қоғамның назарын аудару мақсатында, қоғамда балаларға қатыгездікпен қарауға бейқамдық танытпау, зорлық-зомбылықтың кез келген нысандарынан балаларды құқықтық қорғау деңгейін арттыру бойынша 2024 жылғы 8-20 қараша аралығында «Қатыгездіксіз және зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары жасалды, балалардың құқықтарын

қорғау мәселелері бойынша өзекті тақырыптарға сынып сағаттары ұйымдастырылды, оның ішінде зорлық-зомбылықтың алдын алу, психологтың ата-аналарға «Зорлық-зомбылықсыз тәрбиелеу», 1-4 сыныптар арасында «Әлем балалардың көзімен» тақырыбында суреттер байқауы, «Адамдар бір-біріне қандай жауапкершілік артады» пікірталасы. Сынып жетекшілері әр тоқсанның соңында демалыс кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша әңгімелесті.

Қорытынды: ұлттық тәрбиені іске асырудың нәтижесі өз ұлтының, өз халқының лайықты өкілі, өз тілін, тарихын, адамгершілік, рухани, отбасылық, еңбек дәстүрлерін, басқа халықтардың мәдениетін білетін және құрметтейтін, басқа ұлттардың өкілдерімен диалогқа және өзара іс-қимылға дайын адам ретінде Қазақстанның болашақ азаматы тұлғасының негізі ретінде білім алушылардың белсенді азаматтық ұстанымы, патриоттық сана-сезімі болып табылады. Қазақстан Республикасының азаматын, патриотын тәрбиелеу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері мен атаулы күндеріне: ҚР Тілдер күні, Республика күніне арналған жалпы мектеп және сынып іс-шаралары процесінде шешілді. Аталған іс-шаралар азаматтық сезімді және өз халқы мен этностарының ұлттық дәстүрлері мен құндылықтарына құрметпен қарауды, сананы, қазіргі Қазақстанның жетістіктерін, адамгершілік идеалдар мен құндылықтарды мақтан тұтуды қалыптастыруға ықпал етеді.

-Апта сайын бастауыш сыныптарда көшелер мен жолдарда қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы «қауіпсіздік минуттары» өткізіледі.

- Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар,
- Демалыс қарсаңында «Қауіпсіз демалыс» акциясы өткізілді,
- Бастауыш сыныптарға арналған «Автомобильден сақтан», «Жол қозғалысы ережелері» іс-шараларын өткізіп, мультипликациялық фильмдер көрсетті.
- «Жолдарда абайлаңыз» сурет байқауы,
- Дене шынықтыру мұғалімдері дене шынықтыру сабақтарында қауіпсіз мінез-құлық туралы оқушылармен нұсқамалар, әңгімелесулер өткізеді, нұсқамалар журналына енгізіледі.

Балалар «ЖҚЕ сақтаңыз» сурет байқауын өткізіп, «Жүргізуші, абайлаңыз!» акциясына қатысты. ЖҚЕ бойынша жадынамалар дайындап, тараттық. «ЖҚЕ білу және сақтау» викторинасын өткізді, Бастауыш сыныптарда жол қозғалысы ережелерін білу ойыны өткізілді. Балалар жұмбақтарды, ребустарды анықтап, сұрақтарға жауап берді.

Қорытынды: Балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу жөніндегі жұмысты талдау мектепте жол қозғалысы ережелерін насихаттау және балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу бойынша едәуір жұмыстар жүргізіліп

жатқанын көрсетеді. Өткен жылы ЖКО алдын алу бойынша өткізілген іс-шаралардың нәтижесінде мектеп оқушыларының жол-көлік оқиғалары орын алған жоқ, бұл жүргізіліп жатқан жұмыстың оң нәтиже беретінін көрсетеді. Оқу жылының басында қойылған мақсаттарға қол жеткізілді.

Мектеп ішіндегі тәрбие жұмысы жоспары бойынша тәрбие жұмысының құжаттары тексерілді. Сынып жетекшісінің жұмысына мониторинг жүргізілді, онда әркімнің жұмысын нақты көруге болады, барлық сынып жетекшілері сынып сағаттарын, әңгімелерді және т.с.с. инстаграмм,фейсбукке жария етпейді, барлық сынып жетекшілерінің практикалық жұмысы көрініс табады. тәрбие жұмыстарының папкалары тексерілді, Шетеннова Н.С., Бүркітбаева А.Р., Аузарова У.И., Шадетхан А. олардың ішінде аталып өткен сынып жетекшілер жыл көлемінде тәрбие жұмысының құжаттарын уақытылы толтырып, ешқандай ескертусіз белсенді жұмыс жасады. Тексеру нәтижесінде бір-екі сынып жетекшілері өздеріне тапсырылған тапсырмаларды орындайды, алайда өздерінің лауазымдық міндеттерін білмейді. Сыныптармен, балалармен, ата-аналармен тиісті түрде жұмыс жүргізілмейді. Сыныппен іс-шаралар өткізілмейді, ашық іс-шаралар өткізілмейді, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға қатыспайды, олардың функциясына тек сыныпқа қатысты нәрсе ғана кіреді, ал мектеп іс-шараларында олардың өнерін дамыту, сүйемелдеу, бақылау олардың функциясына кірмейді деп санайды

Кітапхана жұмысында балаларды кітапқа тартудың, оқуға қызығушылықты тәрбиелеудің түрлі формалары мен әдістері пайдаланылды. Кітапхана қызметінің маңызды бағыты түрлі көрмелер арқылы ашу болып табылады. Кітапханада мерейтойлық және атаулы күндерге де, түрлі айлықтарға да әртүрлі көрмелер рәсімделеді. Сондай-ақ, "Абай мұрасы- ұрпаққа өнеге", "Кітап - аспайтын асыл досымыз", "Назар аудар! Жаңа кітап! "және т.б. жазушылардың мерейтойларына тақырыптық сөрелер мен кітап көрмелері үнемі рәсімделіп тұрады. Республика күніне арналған "Менің Қазақстаным! Менің Отаным! " көрме ұйымдастырылды. Бұл көрмелерде материалдар мерекенің тарихын және қызықты фактілерді айтып қана қоймай, көрмеден әдебиетті ұсынып, оқырмандармен әңгімелесетіндей етіп іріктеледі. Қазақ жазушылары мен мерейтой иелеріне арналған көрмелерге ерекше көңіл бөлінеді. Биыл біз А.Байтұрсыновтың 150, С.Сейфуллиннің 130, Құрманғазының 200 жылдығын атап өттік. Кітаптарға шолу жасалды. Оқу жылында мектеп оқушылары арасында бірнеше оқулар өткізілді.

Мектеп кітапханасы «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша тығыз жұмыс істейді. Жоғары буында «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша сынып жетекшілерінің көмегімен іс-шаралар өткізіледі. Сондай-ақ, инстаграмда жаңа кітаптардың бейне- таныстырылымдарын оқушылармен түсірген жариялап отырамыз. «Оқуға құштар мектебі» жобасы бойынша 5-9 сыныптардың арасында кітапханашы Ақаева А.Л-Х. түрлі нысандағы іс-шаралар өткізеді, бұл да оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін арттырады. Кестеге сәйкес 5-9 сыныптар арасында түрлі формадағы іс-шаралар (дөңгелек үстелдер, викториналар, конференциялар) өтті. Оқушылар оқыған кітаптары туралы өз пікірлерімен бөлісті. Біреулер сүйікті кітаптары туралы әңгімелеп берді. Сондай-ақ, байқауларда іс- шараларында өз білімдерін көрсетті. Үзілістерде балалар келіп мерзімді оқиды, жаңадан келіп түскен кітаптар туралы әңгімелеседі. Кітапхананың 2024-2025 оқу жылындағы жұмысын талдай

отырып, мынадай қорытынды жасауға болады:

Кітапхана жұмысы кітапхананың жылдық жоспарына және мектептің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.

Мектеп кітапханасының жыл ішіндегі қызметін талдау келесі оқу жылында мектеп кітапханасының негізгі функциялары ретінде ақпараттық, білім беру және мәдени, ал басты міндеттердің бірі - оқырмандарда оқу мәдениетін қалыптастыру ретінде пайдалана отырып, кітапхана жұмысын жалғастыру қажеттігін көрсетеді. Кітапхананың білім беру функциясы жалпыадамзаттық мәдениет жетістіктерін барынша пайдалануға негізделген, сондықтан оның мазмұнын кітаптарды іздеу және таңдау кезінде оқырмандарға кеңес беру, оқушылармен кітапханалық-ақпараттық білім негіздері бойынша сабақтар өткізу сияқты жұмыс нысандары арқылы ашу керек. Оқырмандармен жеке, топтық және бұқаралық жұмыс түрлерінің көмегімен әдебиетті насихаттау бойынша жұмыс жүргізу.

Еңбекқорлық және біліктілік құндылығы бойынша қарттар күніне орай және ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес іс-шаралар өткізілді (бұдан әрі - ата-аналар) балаларды мектепте тәрбиелеуде және дамытуда (бұдан әрі - Әдістемелік ұсынымдар) балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен өзара іс-қимылын күшейту, сондай-ақ оң мәдениетті дамыту мақсатында ата-аналарда «Даналық мектебі» клубы ашылды. Жетекшісі: Кульжанова А.М. Клуб қызметінің мақсаты «Даналық мектебін» дамытуды қолдау және ата-ана арқылы аға ұрпақтың педагогикалық әлеуетін жаңғырту болып табылады және ата-аналар мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға ұрпақтың тәжірибесін табысты пайдалануға бағытталған.

Педагог пен ата-аналардың өзара іс-қимылының құрамдас бөлігінің бірі отбасылық тәрбиені түзету болып табылады.

Осы мақсатта ата-аналармен кездесулер өткізілді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша ата-аналарды педагогикалық қолдау сабақтары өткізілді. Жағымды ата-аналық ерекшеліктері: жағымды эмоциялардың жағымсыз эмоциялардан басым болуы, жағымды көңіл-күй; жасөспірімнің қасиеттеріне назар аудару, күшті және жағымды мінез-құлық қасиеттерін дамыту. Сонымен қатар, 1-4 сыныптарда «Баланың бас ұстазы - ата-ана» тақырыбында ата-аналардың сыныптық жиналыстары өтеді. 5-9сыныптарда «Ата-аналар мен балалардың қарым-қатынас психологиясы, балалардың қауіпсіздігі» тақырыбындағы сынып жиналыстары өтті. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жоспарына сәйкес ата-аналардың өз баласының бірегейлігін, оның темпераментін, мәдени дәстүрлерін және педагогтармен өзара іс-қимыл мүмкіндіктерін ескере отырып ашуға дайындығын қалыптастыру мақсатында «Әрбір бала бірегей: оны қалай ашуға болады» атты ата-аналар жиналысы өткізілді. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жоспарына сәйкес. Міндеттер қойылды: ата-аналардың баламен оның жас шамасындағы дағдарыс кезеңінде өзара түсіністікке қол жеткізуге ұмтылысын дамыту, адам дамуының жас шамасындағы

кезеңділігінің мәдени бастаулары және жасөспірімнің дағдарыс кезеңіндегі экологиялық өмір сүру ерекшеліктері туралы ата-аналардың түсініктерін кеңейту және тереңдету, ата-аналардың жасөспіріммен үйлесімді өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру: сындарлы келіссөздер жүргізу, жанжалдарды шешу, ренішті кешіру.

Қорытынды: Барлық өткізілген іс-шаралар отбасылық тәрбиеде, өзіне деген құрмет сезімін тәрбиелеуде маңызды мәнге ие. Үнемі назар аударуды талап ететін балалардың ата-аналарымен сынып жетекшілерінің тікелей қатысуымен үздіксіз өзара іс-қимыл жүзеге асырылды. Талдау көрсеткендей, ата-аналармен жұмыс істеуде қиындықтар болған және бар: барлық ата-аналар педагогикалық ұжыммен бірлесіп жұмыс істеудің маңыздылығын түсінбейді, кейбіреулер балаларды тәрбиелеуден сырттай бақылаушы болып қалады. Мектепте проблемалы отбасылар жоқ деп айтуға болады. Ата-аналар мектепке жиі келіп, балаларымен бірге іс-шараларға қатысса деймін. Алдағы оқу жылында осы бағыттағы жұмысты кеңейтуді жоспарлап отырмыз.

Құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың, балалардың қадағалаусыз қалуының алдын алу. Жыл сайын сыныптың әлеуметтік картасы жасалады, яғни мектептің картасы жасалады, онда әлеуметтік картаны талдау кезінде отбасылардың санаттары мен құрамы, ата-аналардың білім деңгейі, оқушылардың бос уақытты ұйымдастыру қызметі қарастырылады. Әлеуметтік карта мектептегі әлеуметтік жағдайды талдауға және бағалауға арналған ақпаратты қамтуы тиіс.

Ата-аналар қоғамдастығының көпшілігі қазіргі уақытта мектептермен ынтымақтастықтың қажеттілігін түсінбейді, өйткені олардың тұрақты жұмыспен қамтылуына байланысты балаларға жеткілікті уақыт бөлінбейді.

Қорытынды:

Осы бағытта атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық бағағалайық. Өткен жыл ішінде көп жұмыс жасалды, бірақ жұмыс істеу қажет мәселелер әлі де бар. Кейбір сыныптарда ата-аналар жиналыстарына қатысу деңгейі бұрынғысынша төмен күйінде қалып отыр, мектепшілік іс-шараларға кейбір ата-аналар әртүрлі себептермен қатыса алмайды.

2024-2025 оқу жылында ата-аналардың жалпыға бірдей оқуының жұмысына ерекше назар аударылсын, мектеп әкімшілігі ата-аналармен жұмысты ұйымдастыруды бақылауға алсын, оның тиімділігі балалар мен жасөспірімдерді оқыту мен тәрбиелеуге байланысты бірқатар проблемаларды шешуге көмектеседі. Педагогтар ата-аналармен өткізілетін іс-шараларды әртараптандырып, мүмкіндігінше көп ата-аналарды тартуы қажет. Жұмыс барысында ерекшеленген проблемалар негізінде міндеттерді тұжырымдауға болады:

- балаларды тәрбиелеу саласындағы педагогикалық ұжымның әдістемелік деңгейін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.
- оқушылардың денсаулығын сақтауды арттыру, оқушылардың салауатты өмір салты туралы дұрыс түсінігін қалыптастыру.
- бастаманы, дербестікті, шығармашылықты дамыту және жобалық қызметті енгізу және дамыту арқылы мектеп балалар ұжымын одан әрі

біріктіру, конкурстарға, фестивальдарға қатысу және өткізу және т.б.

- төзімділікті тәрбиелеу, құқық бұзушылықтың алдын алу, тәрбиелеу деңгейін арттыру, тәртіптілікті нығайту, оқушылардың тәрбиелеу деңгейін арттыру үшін олардың бірыңғай мектеп ережелері мен талаптарын сақтауы жөніндегі жұмысты күшейту.
- педагогикалық ұжым арасында тәрбие жұмысын одан әрі жетілдіру үшін балалар ұжымын зерделеу бойынша диагностикалық жұмысты жандандыру.
- ата-аналарды бірлескен қызметке тарту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға ықпал ету.
- оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі тұрақты оң нәтижелерді сақтау үшін мұғалімнің кәсіби мәдениеті мен педагогикалық шеберлігінің деңгейін арттыру.

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Кульжанова А.М.